

**"Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы
№ 19-1/277 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 19-1/1052 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 29 желтоқсанда № 12609 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы баланстарын әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы № 19-1/277 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11524 болып тіркелген, 2015 жылғы 22 шілдеде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Су ресурстарын кешенді пайдалану мен қорғаудың бас және бассейндік схемаларын және су шаруашылығы теңгерімдерін әзірлеу және бекіту қағидаларында:

10-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«10. Бас СРКПҚС жобасын уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау, индустриялық-инновациялық қызмет, көлік және коммуникациялар, мемлекеттік геологиялық зерделеу, жер қойнауын ұтымды және кешенді пайдалану, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы, өңірлік даму, жер ресурстарын басқару және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органдармен келісім бойынша әзірлейді және Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.»;

14-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді ;

18-тармақтың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізілді, мемлекеттік тілдегі мәтіні өзгермейді ;

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін ;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға

ж і б е р і л у і н ;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң, бірақ 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә . И с е к е ш е в

2015 жылғы 22 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Ұлттық экономика министрі
_____ Е . Д о с а е в

2015 жылғы 11 желтоқсан

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Энергетика министрі
_____ В . Ш к о л ь н и к

2015 жылғы 23 желтоқсан